**«БЕКІТЕМІН»**
**Орал ақпараттық технологиялар колледжі директорының м.а.**
**_____ Бисалиева Ж.Е.**
**«___»_____ 2024 ж.**

**Орал ақпараттық технологиялар колледжіндегі**
**«Студенттік парламент» қызметі туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1. Жалпы ереже

1. Осы Студенттік парламенттің қызметі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) студенттік парламенттің өзін-өзі басқару органының мақсатын, міндеттерін, құрылымын, қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2. Студенттік парламент – студенттер мен жастардың маңызды мәселелерін шешуге, олардың әлеуметтік белсенділігін дамытуға бағытталған әлеуметтік басқарудың бастамашыл, дербес, жауапты қоғамдық нысаны болып табылады.

3. Студенттердің өзін-өзі басқару органы, студенттік парламент (бұдан әрі – Парламент) білім беру ұйымы білім алушыларының бастамасы бойынша білім алушылардың мүдделерін тұрақты үйлестіруші орган ретінде құрылады және осы Ереже негізінде әрекет етеді.

4. Әрбір студент осы Ережеге сәйкес Парламентті сайлауға және сайлануға құқылы.

5. Парламенттің қызметі мен шешімдері білім беру ұйымының барлық білім алушыларына бағытталады және қолданылады.

6. Парламент өз қызметінде «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, білім беру ұйымының ішкі Жарғысын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. Парламентің мақсаты мен міндеттері.

**Мақсаты:**

- Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуіне және өзін-өзі тиімді іске асыруына жағдай жасау, сондай-ақ студенттерге туындаған мәселелерді өз бетінше шешуге мүмкіндіктер жасау.
- колледждің оң және жағымды имиджін қалыптастыру, жүзеге асыру.

**Міндеттері:**

- Білім алушылардың шығармашылық белсенділігі мен өз бетінше әрекетін жүзеге асыру;
- Білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде олардың мүдделерін қорғайтын білім беру, әлеуметтік, тұрмыстық және басқа да мәселелерді шешуге көмек көрсету;
- Білім алушылардың бос уақытын және күнделікті өмірін ұйымдастыруға көмек көрсету, салауатты өмір салтын насихаттау;
- Оқу-тәрбие үдерісі шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуге көмек көрсету;
- Білім алушылардың сана-сезімі мен өз білім деңгейіне қойылатын талаптарын, жеке меншігіне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, патриоттық көзқарасқа бағытталған жұмыстарды жүргізу.

## 3. Парламенттің құрылымы

1. Парламент көшбасшысы – білім беру ұйымының студенттері мен оқытушылары сайлайтын Президент болып табылады;
2. Президент пен парламент мүшелері бір оқу жылы мерзіміне сайланады;
3. Парламент жоспар бойынша жұмыс істейді. Отырыстар айына кемінде бір рет өткізіледі. Отырысқа Парламент мүшелері қатысуы міндетті.
4. Парламент президенттен, оның орынбасарларынан, жетекшілерден және парламент мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда парламенттің шешімімен парламент мүшелері студенттер арасынан қосымша сайланады. Парламент мүшелерін сайлау топтардың отырыстарында өткізіледі.

## 4. Парламенттің қызметі

Білім беру ұйымындағы Парламенттің қызметін директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары және Жастар істері жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - ЖІК) төрағасы бақылайды, олар өзінің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

## 5. Студенттік Парламента Президенті:

1. Парламенттің қызметіне басшылық жасайды және оған жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді;
2. Орынбасарлары, жетекшілері арасында міндеттерді бөледі және олардың қызметін үйлестіреді.
3. Өзінің міндеттерін атқару кезінде білім беру ұйымының басшылығы берген құқықтарды пайдаланады.

## 6. Парламенттің құқықтары

1. Білім беру ұйымының ЖІК төрағасынан студенттер парламентінің қызметіне қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратады және алады.
2. Сыныптан тыс шараларды жоспарлауға, дайындауға және өткізуге тікелей қатысады.
3. Колледжде құрылған үйірмелердің жұмысына қатысады.

## 7. Парламенттің міндеттері

1. Білім беру ұйымының мүлкіне ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу, оқу тәртібі мен құқықтық тәртіпті нығайтуға бағытталған жұмыстарды жүргізу.
2. Колледж жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша студенттермен жұмыс.
3. Колледж басшылығына сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруға көмектесу.
4. Студенттік парламенттің оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен Ережеге сәйкес жұмыс жүргізу.